

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қадірлі әріптестер!

Өткен жылдан бері күллі адамзат, соның ішінде біздің еліміз де дүниежүзін жайлаған коронавирус індетімен күресіп келеді. COVID-19 және карантин шаралары әлемдік экономиканы дүр сілкіндіріп, барлық мемлекеттерді қыспаққа алды. Қазақстан бұл катерге тегеурінді тойтарыс бере білді. Ел басшылығы азаматтардың денсаулығын сақтау және ұлттық экономиканы қолдау үшін шұғыл әрі батыл іс-әрекет жасап жатыр.

Дегенмен әлі де босансуға болмайды. Индеттің беті қайтқан жоқ. Біз қызметкерлерімізді осынау қауіпті аурудан қорғау үшін бар күш-жігерімізді салып жатырмыз. Өйткені, жұмыскерлер біздің басты байлығымыз болып табылады. Бұл ретте қазір вакцина алу мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Бүгінде бұл пандемияны жеңудің жалғыз жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтып өткендей, жаппай вакцинациялаудың басқа баламасы жоқ.

Қазірдің өзінде халықтың жартысынан көбі вакцина алған елдерде, мысалы, Израиль мен Ұлыбританияда, коронавирусты жұқтыру мен өлім-жітімнің күрт төмендегенін байқауға болады. Ал керісінше вакцинациялау науқаны қарқын алмаған мемлекеттерде вирус түрленіп,



оның бұдан да қауіпті жаңа штамдары тарап жатыр. Елімізде мұндай жағдайға жол бермеудің жалғыз амалы – тез арада ұжымдық иммунитетті қалыптастыру.

Ел тарихындағы шешуші кезеңде мен әрқайсыңызды барынша парасаттылық танытып, вакцина алуға шақырамын. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Сіздердің таңдауыңызға отандық QazVac, ресейлік Спутник-V немесе қытайлық Науат-Вах вакцинасы ұсынылып отыр. Өздеріңіз қалаған екпені тұрғылықты жеріңіз бойынша емханада немесе «ҚазМұнайГаз» компаниясының өндірістік және әкімшілік нысандарында алуға болады.

Бүгінгі таңда вакцинаны 8 мыңға жуық әріптесіміз салдырды. Өзім де және ұлттық компанияның басқа басшылары да екпені салдырдық. Осы орайда, вакцина алған қызметкерлер ПТР тестісін тапсырмай, кен орындар мен жұмыс кеңселеріне еш кедергісіз кіре алатынын ерекше атап өткім келеді.

Мен Сіздерден өзіңіздің және отбасыңыздың, әріптестеріңіз бен отандастарыңыздың қауіпсіздігін ойлап, азаматтық ұстанымды танытуды сұраймын. Пандемияны неғұрлым тезірек тізе бүктірсек, соғұрлым тез қалыпты өмірге ораламыз.

Барлық қиындықты бірге еңсеріп, кемел келешекке аяқ басатынымызға сенімім кәміл!

Құрметпен,  
Алик Айдарбаев

### Экология жылы

## МҰНАЙШЫЛАР – ТАБИҒАТ САҚШЫСЫ



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы компаниялар тобы арасында жарияланған экология жылы аясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығы құрметіне Компания қызметкерлерінің 12 жасқа дейінгі балалары арасында «Мұнайшылар – табиғат сақшысы» тақырыбында көркем сурет байқауы өтті. Байқау бір айға жалғасып, 30 астам жеткіншек бағын сынап, жұмыстарын сайысқа тапсырды. Жеңімпаздар мен қатысушыларды естелік сыйлықтармен және диплом-грамоталармен марапаттау рәсімі I маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі күні орталық ғимараттың мәжіліс залында өтті.

«Кім жүйрікте кім жүйрік?» демекші талғам тартысын тудырған жас қылқалам шеберлерінің жұмыстарын бағалаудың өзі оңай болмады. Шеберлігі, көркемдігі, тақырыптың ашылуы, орындалу ерекшеліктері бірінен бірі өткен жұмыстардың қай-қайсысы да ең жоғары бағаға лайық. Дегенмен, сайыс болған соң, арнайы комиссия мүшелері өз пікірлерін білдіріп, жеңімпаздар қатарын анықтады. Сонымен, бабы мен бағы қатар шауып, негізгі жүлделі орын иелері атанған төртеу тізімі төмендегідей болды:

- III орын – Марьям Байдуллаева, 8 жас;
- III орын – Жаныбек Омаров, 11 жас;
- II орын – Алия Ибрашева, 11 жас;
- I орын – Жанерке Марат, 11 жас.

Қалған қатысушылар да құр қол қайтпады. Көңілдерін жығып алмай, белдерін буып, биік белестерге жетелеу мақсатында Компания Басқармасы атынан оларға да ынтылдандыру сыйлықтары мен грамоталар табыстылды. Сыйлықтар салынған қоржын ішінде балалардың жазғы демалысын мәнді де сәнді етегін қызықты сыйлықтар мен ерекше дүниелер жинақталған. Қоржындарды қолдарына алып, ішіне жасырынған сыйлықтарды көрген балғын балапандардың жүзінен қуаныштың айқын белгісі мен кіршіксіз алғыстары сезіліп тұрды.

Алдағы уақытта, конкурс қатысушыларының шығармалары Компания орталық кеңсесі мен өндірістік басқарма кеңселерінің сәнін келтіріп, ғимараттар қабырғаларынан лайықты орын алатын болады.

Мерекелеріңіз бен жүлделеріңіз құтты болсын! Шығармашылықтарың шыңдалып, өнерлерің өрге жүзсін. Бақытты балалық шақ тілейміз!





Маңғыстау мұнайына – 60 жыл!

# ӨТКЕНІ ӨРІСТІ, КЕЛЕШЕГІ КЕЛІСТІ КӘСІПОРЫН

Биыл мұнайлы Маңғыстау той құшағында. Тәу етер қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толса, «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы Жетібай кенорнында мұнай көзі ашылған тарихи оқиғаға 60 жыл! Бұл атаулы мерекені мұнайшылар күзде атап өтпек. Жергілікті жердің ғана емес, жалпы өңірдің өркендеуіне үлес қосып отырған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы жарты ғасырдан астам кезеңде уақыттың көптеген өзгерістерін бастан өткерді. Кәсіпорын басшысы Қалмұрза Бүркітов өндірістің тыныс-тіршілігі, жұмыс қарқыны жайында қысқаша мағлұмат беріп, мереке қарсаңындағы жаңалықтарын бөлісті.





казакстандық мұнайшылар мен жетекшілердің бірнеше буыны өсіп-өнді. Кәсіпорынның барлық жетістіктері - болашақ ұрпақтың жарқын келешегін құрған сол кездегі басшылар мен қатардағы мұнайшылардың еңбегі екені айтылып та, жазылып та жүр.

Бүгінде кәсіпорынның өрісі кеңейді. Соңғы он жылда жұмысшылардың өндірістегі хал-ахуалын жақсартып, қолайландыру мақсатында біршама нысандар салынып, пайдалануға берілді. Асар кенорнында 80 және 50 тәсек - орындық үш жатахана, 75 және 250 орындық асхана, санитарлық-әкімшілік ғимарат пайдаланысқа берілді. Әлеуметтік нысандар толық заманауи жабдықтармен камтылды. Мұнайшылардың біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасуы үшін арнайы оқу полигоны жасакталуда. Бұрылған ұңғылар да жыл сайын жарактанып отырады. Жетібай, Мұнайшы ауылдары мен өндіріс жұмысшылары сумен қамту мақсатында қосымша ауыз су жинау қазандықтары, жоғары қысымды сорпаптар, мұнаймен ластанған топырақты өңдеу

жатахана, 75 және 250 орындық асхана, санитарлық-әкімшілік ғимарат пайдаланысқа берілді. Әлеуметтік нысандар толық заманауи жабдықтармен камтылды. Мұнайшылардың біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасуы үшін арнайы оқу полигоны жасакталуда. Бұрылған ұңғылар да жыл сайын жарактанып отырады. Жетібай, Мұнайшы ауылдары мен өндіріс жұмысшылары сумен қамту мақсатында қосымша ауыз су жинау қазандықтары, жоғары қысымды сорпаптар, мұнаймен ластанған топырақты өңдеу

жатахана, 75 және 250 орындық асхана, санитарлық-әкімшілік ғимарат пайдаланысқа берілді. Әлеуметтік нысандар толық заманауи жабдықтармен камтылды. Мұнайшылардың біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасуы үшін арнайы оқу полигоны жасакталуда. Бұрылған ұңғылар да жыл сайын жарактанып отырады. Жетібай, Мұнайшы ауылдары мен өндіріс жұмысшылары сумен қамту мақсатында қосымша ауыз су жинау қазандықтары, жоғары қысымды сорпаптар, мұнаймен ластанған топырақты өңдеу



қондырғысы, КУУН-мұнай өлшеу коммерциялық тораптары салынды. Топтық қондырғылар мұнай өлшеу қондырғыларымен, жоғары қысымды тораптармен камтылды.

Ұңғыларды тиімді өндіріп, пайдалану, өндірістік және әлеуметтік нысандарды жанартып, онтайландыру мақсатында жаңа технологияларды енгізу, модернизациялау жұмыстары жылдан-жылға артып келеді. Осы арада өндірістік басқарма мұнайшыларының мұнай-газ өндіру, өткізу, нысандарды жарактандыру жолындағы ерен еңбектерінің зор екенін атап айтқым келеді.

2000 метр тереңдіктен шығатын Жетібай мұнайы ең бағалы мұнай өндіретін кен орнына жатады. Алпыс жылда 2 947 ұңғы қазған кәсіпорынның пайдалану қорында 1 394 ұңғы

қолданыста. Оның 965-і – тербелмелі қондырғы болса, 17-і фонтан арқылы өнім береді, кенде қабат қысымы сақтау бағытында 391 ұңғыға су айдалуда.

Бүгінде кеніште ауысымдық өдіспен 1 100-дей адам еңбек етеді. Табысты еңбек ету үшін қажетті қолдау, техника мен технология, жұмыс бригадалары жеткілікті. Қауіпсіздік техника талаптарының орындалуы мұқият қадағалаймыз. Қазіргі таңда ұжым болып 60 жылдық мерейлі жылды табысты аяқтауға бір кісідей жұмылып, жоспарланған жылдық жеке – 2 313 418 тонна мұнайды артығымен өндіруге белді бекем буып отырмыз.

Алпыс жылдықты мұнайшыларымыз жыл басында бекітілген арнайы бағдарламаға сәйкес, кәсіби меркелерімен қоса, пандемияның барлық сақтық

шаралары ескеріле отырып атап өтуге болады. «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі мен жұмысшы жастар, еңбек-ардагерлерінің атсалысуымен бірлесіп өтін шарда облыс орталығында салтанатты жиналыс жоспарланған. Жетібай кенорнының 60 жылдық тарихи паракталып, өндіріс жетістіктері сараланып жиналған кен игерушілер еңбегі ескіліп, мұнайшы-ардагерлер мен еңбек озаттарын марапаттау көзделген.

Айтулы мереке қарсаңында барша әріптестерге ынтымақ пен бірлік, молшылық, бақыт пен ырыс тілеймін. Өндірісті өлкеміздің тарихи мерекесін жұдырықтай жұмылып, ұйымшылдығымызды танытып, ойдағдай өткізейік!

## Экология жылы

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» ЭКОЛОГИЯҒА ҮЛКЕН МӘН БЕРЕДІ

«ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ бастамасымен 2021 жыл Экология жылы деп жарияланғаны белгілі. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне әрдайым зор жауапкершілікпен қарайды. Мысалы, осыдан 10 жыл бұрын компанияда Өндірістік қалдықтарды бөлек жинау бойынша жоба басталған болатын. Бүгінде бұл бастама өзінің тиімділігін дәлелдеді деп нық сеніммен айтуға болады.

2011 жылы Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау Департаментінің экология қызметі бастамасымен «ҚМГ» ӨБ, «ЖМГ» ӨБ объектілерінде өндірістік қалдықтарды бөлек жинау жобасы іске қосылды. Бұл жоба құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері тарапынан қолдау тауып, олар өз күшімен қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнер дайындады. Өндіріс басында еңбек ететін мұнайшылар ең болашағы мен өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілікті есте ұмытпайды және экологтармен бірлесіп, экологиялық заңнаманың талаптарын сақтау және қоршаған ортаны қорғау бағытында орасан зор мақсат-міндеттерді іске асырып келеді.



Бөлек жинау жұмыстары мұнай кәсіпшілігі жабдығын ауыстыру, жөндеу және пайдалану кезінде қалдықтар пайда болған сәттен басталады. Оператор қалдықтардың әрбір түрін қалдықтардың нақты түріне арналған арнайы белгіленген контейнерлерге жинайды. Сондай-ақ барлық түзілетін қалдықтарды сепке алу жүйесі жолға қойылған, бұл дегеніміз – материалдық шикізаттың кірісі мен шығысы, шикізаттың қалдықтарға ауысуы, қалдықтарды уақытша орналастыру, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беру секілді жұмыстар.




Қалдықтардың нақты көлемін анықтау үшін әрбір объектіде өлшеу талондарын тіркеу және беру жүйесі бар арнайы электрондық таразылар сатып алынған.

Компанияның өндірістік қызметі барысында қалдықтардың 30-ға жуық түрі пайда болады. Мамандандырылған ұйымдар қайта өңдеу және кәдеге жарату кезінде, мысалы, резеңке қалдықтардан резеңке үгіңділер түрінде шикізат алады, олардан резеңке жіксіз жабдырлар мен ойын және спорт алаңдарына арналған плиткалар жасалады, сондай-ақ қалдықтардың бір бөлігі қондырғылардың жұмысы үшін отын ретінде пайдаланылады.

2017 жылы «Жасыл кенсе» пилоттық жобасы іске қосылды, жоба аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кенесінде макулатура мен пластикалық бөтелкелерді жиналады. Бұл жоба бұдан әрі «Қаламқасмұнайгаз», «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармалары кен орындарында жалғасын тапты.

Макулатура мен пластикалық шөлмектер шарт бойынша ақысыз негізде Маңғыстау облысының аумағында қайталама шикізатты жинаумен айналысатын компанияларға қағаз сулықтарды, дәретхана



қағазын, картон орамалары мен қаптама ленталарын алу үшін шикізатты кейіннен өткізу үшін беріледі.

Бүгінгі таңда Маңғыстау облысында өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратумен айналысатын компаниялар жоқ. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ экологиялық заңнама талаптарын сақтауды қолдайды, дей тұрғанмен жергілікті атқарушы органдар да бөлек жинау және кәдеге жарату бойынша бәсекелес ортаны дамыту үшін барлық жағдай жасауға және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету үшін қалдықтарды қабылдау және өткізу процесіне бастама жасауы тиіс.

**А. Е. Еділбаева, КТЕКЖҚКД, Парниктік газдар мен қоршаған ортаны қорғау қызметінің инженері**



COVID-19

# ВАКЦИНАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Ақпан айының 1-нен елімізде коронавирусқа қарсы вакцинация науқаны басталды. Әлем ғалымдарының пайымдауынша, бұл - індетті жеңудің, оны жұқтырудың алдын алудың жалғыз сенімді жолы. Алайда, вакцинация науқаны біздің елімізде тегін жүргізіліп жатқанына қарамастан, оны алуға ниетті азаматтардың саны артар емес. Оған себеп – халық арасында желдей есіп жүрген алып-қашпа әңгімелер.

Осы орайда, вакцинаға қатысты көкейде жүрген бірқатар сұрақтың жауабын алу мақсатында Компаниямызға қарасты өндірістік санитария және еңбек гигиенасы зертханасының менгерушісі, 32 жылдық тәжірибесі бар білікті дәрігер маман Күміс Жусупованы әңгімеге тартқанды жөн көрдік.



**- Күміс Қыдырбайқызы, тақырып сізге белгілі – вакцинация. Ендеше, оқырман көкейінде жүрген алғашқы сұрақ – вакцина алу не үшін қажет?**

- Вакцинация – жана түсінік емес. Бұл ондаған жыл тарихы бар медицинаның бір бағыты. Мақсаты – адамзат үшін қауіпті індеттердің алдын алу. КВИ қарсы вакцинадан да мақсаты сол – аурудың таралуының алдын алу. Қазір қолданылып жатқан вакциналар COVID-19 ауруының жұғуынан 70-92% дейін қорғайды. Ал вакцинадан кейін ауырып қалған жағдайда айтарлықтай жеңіл және ауырталықтарсыз жазылып шығасыз. Бірақ, мұның өзі, өте сирек кездесетін болады. Вакцина алған адам қоршаған орта үшін, жақын тумаластары мен отбасы үшін қауіпсіз болады, яғни ол адамнан вирус тараймайды. Соның арқасында вирустың мутацияға ұшырауы да тоқтайды. Яғни вирус әлсірей бастайды. Демек, вакцинация - індеттен құтылудың жалғыз жолы деген пікірді айтуға толық негіз бар.

**- Иә, вакцинация ұғымы қоғам үшін әуелден-ақ таныс. Бірақ КВИ-ге қарсы вакцинаны басқа вакциналар сияқты адам үшін толық қауіпсіз деп айта аламыз ба?**

- Бүгінгі таңда, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан 13 түрлі вакцинаға рұқсат берілген, яғни бұл вакциналар адам ағзасына деген толық тиімділігі мен қауіпсіздігін дәлелдеп, барлық қажетті тексерулер мен клиникалық сынақтардан өтті деген сөз. Осы 13 вакцинаның ішінде 5 түрі қазір жаппай қолданылууда. Оның үшеуі Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген. Бүгінгі таңда әлем бойынша 800 миллионнан астам адам осы вакциналармен егілген және халқының 60-90% егілген Израиль мен Ұлыбритания сияқты мемлекеттерде, ауру мен өлім саны күрт төмендегенін көруге болады.

**- КВИ-ге қарсы вакцина адам өмірінің ұзақтығына кері әсер етеді деген пікір бар, сол рас па?**

- Бұл жалған ақпарат! Олай деп айтуға ешқандай негіз, ғылыми дәлел жоқ. Керісінше, халықаралық медициналық басылымдар мен беделді ғалымдар жариялаған зерттеу нәтижелері вакцинация адам ағзасына зиянсыз, вакцина салғаннан кейін болатын барлық процестер тек адам ағзасының қорғаныш, яғни иммундық жүйесіне ғана жауап беретін клеткаларда ғана жүретінін дәлелдеп, айтып жатыр.

**- Вакцина салдырмай-ақ, вирус жұқтырудан сақтануың жүруге бола ма?**

- Егерде сіз үйден шықпай, көпшілік жиналған жерге бармай, ешкіммен араласпай жүрсеніз және сіздің иммундық жүйеңіз осы вирустан қорғануға бейімделген болса, вакцина салдырмауға да әбден болар еді. Алайда, қазіргі қоғам мүшесі олай етіп, үнемі оқшауланған күйде жүре алмайды ғой. Ерте ме, кеш пе, ортаға шығу керек болады. Сол

кезде сіздің қорғаныш жүйеңіз оны жан-жақтан «қыспаққа» алған вирус шабуылдарына төтеп бере алмаса, онда ең өкінішті жағдайлар орын алуы мүмкін. Сондықтан, мен дәрігер ретінде, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, вакцина салдыруға кенес беремін.

**- КВИ вакцинасы беделділіктің пайда болуына әкеп соқтырады деген де пікірлер бар, оған не айтар едіңіз?**

- Бұл да қате пікір. КВИ-ге қарсы вакцинаның ондай қасиеті жоқ. Оның құрамы «рибонуклеин» қышқылының негізінде жасалып жатқандықтан, адамның ДНК-сына еш әсер етпейді және оның белсенді ингредиенттері қолдың бұлшықетінде жергілікті жұмыс істейді. Вакцина иммундық жүйеңіз белгілі бір жасушаларына ғана енеді және антиденелер өндірісін ынталандырумен ғана айналысады. Яғни вакцина жұмыс істеу механизмі кезінде ұрпақты болу органдарына енбейді. Вакцинадан көрі беделділікке жас кезден бастап ұзақ жылдар бойы темекі тарту, мөлшерсіз арақ-шарап және зиянды газдалған тәтті сулар ішу көбірек әкеліп соқтырады деп ойлаймын.

**- Жүктілікті вакцина алғаннан кейін қашан жоспарлаған дұрыс?**

- Орташа алғанда, екінші дозаны алғаны 2-3 аптадан кейін мықты иммунитет қалыптасады. Толық вакцинациядан кейін жүктілікті келесі циклден бастап жоспарлауға болады.

**- Бұрын COVID-19 ауырған адам вакцина алуы керек пе?**

- Иә. Себебі COVID-19-бен ауырғаннан кейін науқастарда антиденелердің түзілуі сіздің қалай ауырғаныңызбен тікелей байланысты. Егер сіз жеңіл түрмен немесе симптомсыз түрмен ауырған болсаңыз, онда антиденелер аз және әлсіз болады. Сондықтан, қайта ауыру жағдайлары орын алуы мүмкін. Бірақ ағзаның пайда болған антиденелердің көп әрі белсенді болуына қарамастан, 6 ай шамасында олардың қорғау қабілеті азайып табиғи иммунитет әлсірейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының кенесі бойынша ауырғаннан кейін, 6 ай өткен соң вакцина алуға болады.

**- Кез келген вирустан сақтану үшін адам ағзасында антиденелер болуы керек. Вакцинадан да біз сол үшін салдырып жатырмыз. Ал егер мен сол антиденелерді вакцинадан емес, табиғи жолмен, яғни шынымен вирус жұқтыру арқылы түзілгенін қаласам дұрыс бола ма?**

- Бұл өте нашар идея. COVID-19 – ауруынан кейін ұзақ мерзімді асқинулар бар. Ең азы кейбір адамдарда ніс және дәм сезбеу

немесе шаштарының түсуі бірнеше айларға дейін созылып жатады. Ал ауыр зардаптары ішкі ағзалардың: жүрек бұлшықетінің зақымдануы, өкпе фиброзының пайда болуы, қантамыр проблемалары, «Паркинсон» мен «Альцгеймер» ауруының даму қаупін жоғарлату болып табылады. Сондықтан, Сіз COVID-19-дан жазылып шыққаның өзінде, жоғарыдағы асқинуларға ұшырауыңыз мүмкін. Ал вакцина өлімнің және инфекциядан кейінгі болатын ұзақ мерзімді асқинулардың алдын алады.

**- Біздің Қоғам қызметкерлерінің арасында вакцинация қалай өтіп жатыр? Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін қашан адам егілу қажет?**

- Ұжымдық иммунитет дегеніміз не? Ол егілген адамдардың жеткілікті санын қамтамасыз ету есебінен егілмеген адамдарды жанама қорғау. Қазақстанда ұжымдық иммунитет қалыптасу үшін халықтың 60 пайызы вакцина алуы қажет. Олар – денсаулығында қарсы көрсеткіштері жоқ, 18 жастан асқан адамдар. Бүгінгі таңда Қоғам қызметкерлерінің 4%-ы ғана егілген, оның ішінде 2%-ы толық 2 компонентті алған. Бұл өте төмен көрсеткіш. Қаламқас және Жетібай кенорындарында, кенсе қызметкерлерінің арасында вакцинацияны пайдасы туралы түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіліп жатыр. Осы орайда барлық өріпестеріме тағы бір мәрте «Өзіңізді және жанұяңызды осы COVID-19 инфекциясынан сақтап қалатын бар мүмкіндікті пайдаланыңыз, COVID-19 қарсы вакцинациядан міндетті түрде өтініз» деп айтқым келеді. Өйткені вакцинация COVID-19 вирусының таралуына тосқауыл қоюдың жалғыз ғана жолы! Қазір Компания қызметкерлері үшін Қаламқас кенорында және Ақтау қаласындағы мұнайшылар емханасында екі ету пункті жұмыс жасап тұр. Барлық жағдай жасалған. Ақтау қаласындағы ету пунктінде тек қызметкерлер ғана емес олардың жанұя мүшелері де келіп вакцина ала алады.

Сонымен қатар, қазір Баскарма мүшелерінің шешімі бойынша вакцинациядан толық өткен әрбір қызметкерге 2 ақпалы демалыс күні беріліп жатқанын айта кеткім келеді. Бұл да, өз кезегінде, қызметкерлерге деген қамқорлықтың бір түрі. Демалыс күнін қалай алатынын қызметкер өзі шешеді. Бірден, вакцина алған адам алуға немесе кейін жыл сайынғы еңбек демалысына қосып алса да болады.

**- Күміс Қыдырбайқызы, сұрақтарымызға жауап бергеніңізге рақмет! Денііз сау болсын!**

## ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ – ОРТАҚ МҮДДЕ

Мамыр айының 21-28 жұлдыздары аралығында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты өндірістік басқармалары мен орталық кенесінде Манғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасы жанынан құралған түсіндірме топтарының Компания қызметкерлерімен кездесуі өтті. Күн тәртібінде бір мәселе – қызметкерлер арасында коронавирус инфекциясына (КВИ) қарсы вакцинация науқаны туралы ақпарат беру.

Алғашқы кездесу Қаламқас кенорында Компания бас директорының орынбасары Ж.К.Тулгожаевтың төрағалығымен өткен жұрмелі жиын аясында өтті.

Кездесуге Манғыстау облысы әкімінің орынбасары Г.М.Қалмұратова мен эпидемиолог маман М.Ж.Жадарова келді. Өндірістік басқарма тарапынан пех басшылары мен жауапты мамандар және кенорында сервистік қызмет көрсететін мердігер мекемелер өкілдері қатысты.

Кезекті кездесу 25 мамыр күні Жетібай жұртшылығымен өтті. Өндірістік басқарманың жауапты қызметкерлерімен және «Асар» кеноры мұнайшыларымен кездесуге де бір топ лауазым иелері келді. Олардың арасында «Акинет» медицина орталығының директоры Е.Есенқосов, Қарақия аудандық санитариялық-эпидемиолог

иялық бақылау басқармасының басшысы Ж.Сейдахметова, Жетібай ауылдық ауруханасының эпидемиологтары Д.Капалдина мен Ы.Аралбаев және жергілікті атқарушы билік өкілдері де болды.

Мамырдың 28 күні дәл осындай кездесу Ақтау қаласындағы орталық кенсе қызметкерлерімен өтті. Түсіндірме тобының құрамында Манғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының қоғамдық денсаулықты қалыптастыру бөлімінің басшысы Ф.О.Калиева, Ақтау қалалық



санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы А.Ж.Жарылғасова және Манғыстау облысының бас эпидемиологы Г.К.Тұманбаева болды.

Барлық кездесулер сұрақ-жауап форматында өтіп, жиналған жұртшылыққа вакцинация мен оның берер артықшылықтары, елімізде ұсынылып жатқан вакцина түрлерінің айырмашылықтары, вакцина алуға қатысты шектеулер мен ерекшеліктер туралы түсінік берілді. Сонымен қатар КВИ профилактикасына қатысты үкімет тарапынан жасалып жатқан қадамдар мен шешімдер туралы ақпарат беріліп, өлкедегі эпидемиологиялық ахуал туралы да айтылды.





Еңбек адамы

# МҰНАЙШЫЛЫҚ – АТА КӘСІП

Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері – Ғалымжан Сағиев. Еңбегімен еленген ел азаматының өмір жолы, еңбек жолынан әлқисса. Аға маманның «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты №2 мұнай және газ өндіру цехының операторы болып қызмет еткеніне ширек ғасырға жуық уақыт өтті.

Ғалымжан Сағиев 1965 жылы 2 қыркүйек күні Жетібай поселкесінде мұнайшылар отбасында дүниеге келген екен. Әкесі Көздібай Сағиев ұзақ жыл ЖУТТ мекемесінде жүргізуші боп қызмет жасады. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, бір әке, бір анандан тараған ұрпақ бүгінде әр салада абыройлы қызмет етіп жүр.

Бар ғұмырын кенорнында өткізген Ғалымжан ағаның қимылы епті - ертесімен тұрып өзіне тиесілі 40 шақты ұңғының жағдайын саралайды. Күніне 1300 текше метр мұнай беретін №255 тонтық қондырғысының үздіксіз жұмысын өз жауапкершілігіне алған. №2 цех ұжымының арасында Ғалымжан ағаны ұстаз деп танытандар көп. Әсіресе өндіріске келген өрімдей жастардың айналышықтап, Ғалымжанның талай жылғы тәжірибесіндегі білім-білігін үлгі тұтатындар аз емес. Бүгінде Құдай қосқан қосағымен екі қыз, үш ұл тәрбиелеп өсіріп, адал еңбекпен абыройға бөленген бақытты отбасының қатарын толтырып отыр.

— Осы уақыт аралығында басқарма басылымы тарапынан еңбегіміз еленіп, әртүрлі марапаттар мен медальдарға ие болдық. Ал «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының бүгінгі бағыты, даму деңгейі өте жақсы деп айта аламын. Технологиялық жабдықтармен



қамтылуы тұрғысынан бұрынғы кезбен салыстыруға келмейді. Бұрындағы көп жұмыс жұмысшылардың күшімен іске асырыла, бүгінде көптеген шаруалар аппараттардың көмегімен оңай әрі тиімді орындалып жүр. Ғылыми технологияның жетістіктері мұнай өндірісі

*Додасын көріп жүрген ұлы еңбектің,  
Қожасы сендерсіңдер бұл даланың.*

саласына дем беріп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосып отыр. Кенорнында, қазандықтың басында күні-түні еңбек етіп жүрген өз қызметкерлеріне компания тарапынан жан-жақты жағдай жасалып отыр. Бұл ретте еңбек қауіпсіздігі басты назарға алынады. Жұмысшылардың қажетті киімдермен, құрал-жабдықтармен қамтылуы, асханада әр мезгіл ас-тағамдардың әзірленуі вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерге жатақхана жағдайының жаракталуы, жұмыстан тыс кезде уақытты тиімді өткізу үшін спорт залы, жаттығу залы, кітапхана, демалыс бөлмесі сынды көптеген қажетті дүниелердің жасалуы осы сөзіміздің айғағы бола алады, - дейді еңбек адамы.

Ғалымжан еңбек ететін ұжымда 6 адам бар. Ғалымжан аға әр жұмысшының алған марапаты бүтін ұжымның абырой-беделін көрсететінін айтады. Өндірістік жоспардың ойдағыдай орындалуы да осы ұжымның тас түйін ауыз бірлігінің арқасында әрі үлкен тәжірибеміз ұшасалды деп сенеді.

«Көзімізді ашқалы көріп келе жатқанымыз осы мұнай, осы кәсіп. Өмірбаян мұнайшылықпен жазылуда. Ауылдан ұзамай қалдық-ау деген өкініш болмапты өз басымда. Керісінше қазаққа бұйырған ең байлықтың бір бөлшегінде біздің де үлесіміз барына көңіл тоқ. Маңғыстаудың ғана емес, байтақ қазақтың атақ-абыройы осы «қара алтынға» болып тұр ғой, мүмкін азаматтың мұраты мен бақыты осы шығар... Халыққа, елге шамамыз келгенше еңбек еттік», - деп сөзін аяқтаған еңбек адамына сүйсіней көр!

## ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ЕҢСЕСІ БИІК

«Еңбек адамы» айдарымыздың кезекті кейіпкері өндіріс саласында жұмыс істеу ең алдымен жоғары жауапкершілікті қажет етеді деп санайды. Ерболат Ақшолоқов бүгінде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы, №2 мұнай және газ өндіру цехында электрғазбен дәнекерлеуші болып жұмыс істейді.



— Еңбеккерлік әр адамның өзіне қояр талабы болуы керек. Жұмысты бар ынта-шынтанмен істегенде ғана жемісін көресің. Отанына, отбасына да сонда ғана пайдаң, шарапатың тиеді деп ойлаймын. Дәнекерлеуші

болу үшін адамға ең біріншіден өзіне қояр талабы болуы керек. Өндіріс саласында мұндай жұмыстың жауапкершілігі еселеп көбейеді ғой. Сондықтан талап пен тәртіп болса жоспар да жүзеге асады, жұмысың да лайықты



бағаланады, - дейді Ерболат Ақшолоқов.

Ол 1969 жылы 21 мамыр күні Маңғыстау облысы, Ералы ауданында дүниеге келген. 1976 жылы мектепке барып, 2 сыныптан соң ата-анасымен Түркменстанның Бекдаш поселкесіне қоныс аударған екен. Сол жақта 1984 жылы мектепті бітіріп, 1984-1987 аралығында Красноводск техникалық училищесінде электрғазбен дәнекерлеуші мамандығын меңгеріп шығады. Осыдан соң екі жыл әскер қатарында болып, 1990 жылы туған жері Маңғыстауға оралады.

— Елге келген соң «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына электрғазбен дәнекерлеуші болып жұмысқа кірдім. 1992 жыл осында отбасылы болдым. Қазіргі таңда 4 балам бар. Екі қызым мектепке

барады. Ұлым құрылыс саласында еңбек етіп жүр. Әкем Шәміл марқұм болды, анам Мәнер сылақшы болып еңбек еткен, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, 83 жасқа келіп отыр. Әйелім Айнагүл теңіз портында аспаз болып істейді. Өзім қызмет істейтін Қаламқас кенорнында жұмыс үзіліссіз, қызу жүріп жатыр. Қазіргі жұмыстың жағдайын бұрынғы кезбен салыстыра алмайсың ғой. Өндіріс әлдеқайда ілгерілеген. Техникалық құрал-жабдықтар әр кез жаңарып, оң өзгерістер болып жатыр. Осының барлығы елдің пайдасына, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында жасалған иігілікті қадам деп білемін, - дейді Ерболат Ақшолоқов.

Ерболат еңбек ететін ұжымда 70 адам жұмыс істейді. «Бәрі де өз ісінің маманы, ауызбіршілігі мен жауапкершілігі жоғары жан» дейді ол.

«Мұнайдың 50 жылдығы» арнайы тосбелгісіне ие болған Ерболат Ақшолоқов мұнайшылар еңбегі басқарма тарапынан әрқимың еленетінін айтып, жұмысшының еңбегімен келетінін жеткізді.

Қазақта «ұлылық – қарапайымдылықта» дейтін тәмсіл бар. Мұнайлы мекеннің тарихын жасаған талай мұнайшыға кезіккен сайын осы қағида еске түседі. Арқалап атақ алса да, аста-төк алғысқа бөленсе де шалт кеткен жері жоқ қарапайым еңбек адамының сырбаз мінезін еріксіз сүйсінесің. Сұхбат соңында елдің ертегі үшін жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан жандардың өмір жолының жарқын сәттері таусылмасын деген жақсы тілек тіледік.

Ж.Кемал



Маңғыстау мұнайына - 60 жыл

# АЛҒАШҚЫ МҰНАЙБАРЛАУШЫЛАР



Маңғыстау мұнайының мерекелік шарасында, одан кейінгі уақыттарда «қара алтын» қорын талмай іздеген, оны тапқан және өндіру саласында абыройлы қызмет жасаған ағалар туралы біршама айтылып та, жазылып та жатыр. Әсіресе, қазыналы түбекте «Мұнайшы» қоғамдық қорын басқарған азаматтардың бастамасымен Жетібайдағы алғашқы мұнай бұрқағының 50 жылдығына орай, соңғы 2-3 жыл ішінде жалпы саны 10-нан астам кітап жарық көріпті. Осыған газет, журнал бетіндегі мақалалар мен теледидардан беріліп жатқан хабарларды қосыңыз. Дегенмен мұнай оңайлықпен табылмайды, оны іздеген саяхатшылар мен ғалымдардың аты-жөні сонау 19-ғасырдан басталатынын білеміз. 1974 жылы Қаражанбаста атылған мұнай бұрқағын қазған Ленинградтық экспедиция (ВНИГРИ) ысы су болғасын әрі қарай тереңдегіп қазбай, ұңғы аузын цементтеп тастаған. ВНИГРИ институты ғылыми қызметкерлерінің жауапсыздығынан құнды геологиялық мәліметтер алынбай қалды. Олар жобалық тереңдікке дейін қазғанда, мұнайды бұдан 14 жыл бұрын табатын едік. Жалпы, мұнайшылар табылған мұнайды ғана өндіреді, бірақ соны табу жолында геологбарлаушылардың соның ішінде топографтар, геодезистер, геофизик-сейсмиктер, картировкалық және құрылымдық-іздістіру бұрғылауының рөлі зор. Жүйелі іздістіру жұмыстарының нәтижесінде ғалымдар, геологтар терең бұрғылауға қолайлы, құрамында мұнай, газ болуы мүмкін деген алаңдар мен бұрғылау нүктелері таңдап алынады, бұрғы салынады. Жетібай, Өзендегі кен орындар осылай ашылды. Бозақы түбегіндегі кенорнын ашқан, МНГР кешенді экспедициясының геологиялық іздістіру партиясының бастығы Б.Әбішев, бас геологы Ә.Нұрманов болатын. Ә.Нұрманов қазіргі Маңғыстау мұнай геологтарының ағасы, түлеген түбектегі кен орындарының ашалуына өзінің ғылыми тұжырымдамаларымен уақытында елеулі еңбек сіңірген, халық «Қазақстанның екінші тынысы» деп атап кеткен, Бозақыдағы кен орындарды тұңғыш ашушы, еңбегін бұрынғы КССРО-ның ғалымдары мойындаған, ғалым-геолог ағамыз. Бозақыдағы кен орындарды ашу бұл ұжымға орасан зор абырой алып берді. Осы ұжымның негізгі тірегі МНГР тресінен де бұрын құрылып, алды 1951 жылдың тамыз айынан бастап, Түбіжік барлау алаңында халық «Қаратондықтар» деп атаған бұрғышылар ұжымы жұмысын бастады. Негіз қаратондықтар деп аталған келсек, бұл партия Қаратон алаңын бұрғылап жатқан Мақат бұрғылау қонтырының бөлімшесі еді. Алғашқы барлаушыларды геолог

Бегалиев Ожақай ағамыз бастап келді. Ол кісі кейінде Қазақ КСР-ның Еңбегі сіңген геологбарлаушысы, Атыраудағы геологиялық бірлестіктің бас директорының орынбасары болды. О.Бегалиевпен бірге жаңуларымен көшіп келгендердің қатарында Дүмбай Нұрболғанов та болды. Осы шағын құрылымдық партия жоғарғы басқару органдары тапсырмасымен Түбіжік, Қошанай және оған іргелес жатқан барлау алаңдарында өз мүмкіндігіне қарай құрылымдық бұрғылаумен айналысып жатты. 1957 жылы МНГР тресі құрылғасын, геологиялық барлау және құрылымдық іздістіру экспедициясы деген атпен атпен трест құрамына берілді. Мекемені әу баста В.Козмелевский, Қ.Мырзағалиев, Ғ.Кәрімов, Е.Қарабалиндер басқарды. Бас инженерлері М.Берғалиев, Ғ.Кәрімов, Б.Лифанов, А.Пикалов, Ғ.Балмұқанбетов, Б.Кезбаев, А.Түйебаев болды. Ірілендірілген геологиялық және құрылымдық барлау экспедициясы, жұмыс көлемінің кемюіне байланысты геологиялық іздістіру кенесі, артынан сол атпен партия деп аталды. Жылдар өтіп, аты өзгергенмен Жетібайдағы ұңғыларды

құрылымдық ұңғылар қазылып, ол алаңдар болашақта терең бұрғылауға дайындалып жатты. Д.Нұрболғанов пен бірге жасаған көптеген мамандар кейіннен Қошақта Құспан Садықов, Жетібайда Қойлыбай Жанұзақов, Бақыт Баймұқашевтар бастық болды, ал бұрғылау шеберлері болып, Бекешов Сағызбай, Өрбісінов Бисембай, Қалаян Геннадий, Қалиев Көшкінбай, ал Қайырлиев Мұрат, Ғазиз Абдіразақов, Зейнолла Ысқақов және басқалары жаңадан құрылып жатқан Қошақ, Ақшымырау, Жетібай, кейіннен Қызылсай барлау алаңдарына ауысты. Былай қарағанда Түбіжіктегі құрылымдық барлау бөлімі Маңғыстаудағы құрылымдық бұрғылаудың үлкен үйі болып саналады. 1957-1960 жылдары Түбіжіктен Қошақ, Ақшымырау, кейіннен олар таратылып, станоктері Жетібай, Қызылсай алаңдарына тартылып, адамдары сол жерлерге отбасыларымен көшірілгендердің басым көпшілігі осы Түбіжік алаңынан барғандар еді. 1961 жылы 5 шілде де Жетібайда және сол жылы желтоқсанда Өзеннен(бұрынғы Қызылсай барлау алаңы) мұнай бұрқағының атылуына байланысты

еңсерді. Сол қиын кезеңде бастаушы мектеп, дәрігерлік бөлімше, почта байланысы да бірден болмады. Үлкен кездерілерге шыдаған құрылымдық геологбарлаушы ағалар зор құрметке ие деп есептеймін.

Дүмбай Нұрболғанов 1916 жылы Гурьев облысы, Сарыкөл кентінде туған. 1932-1940 жылдарда Гурьев геология барлау кенесінің жұмысшысы, бұрғышы көмекшісі, ұңғыларды сынау бұрғышысы. 1940-1951 жылы Тақырбұлақ мұнай барлау бөлімшелерінің бұрғышысы, механигі, бұрғылау шебері. 1951-1971 жылдарда Маңғыстауда, әуелі Түбіжік барлау алаңындағы геологиялық іздістіру партиясының механигі, бастығы, кейіннен Жетібайдағы ұңғыларды сынау кенесінің өндіріс инженері болды. 1994 жылы 78 жасында өмірден өтті. Геологиялық барлау және мұнай іздістіру саласындағы ұзақ жыл мінсіз қызметі үшін «Құрмет белгісі» ордені, және мақтау грамоталарымен марапатталған.

